

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
инновациялық институтының
президенті, т.ғ.м.

Муслимов
2023 ж.



«СТУДЕНТТЕР ҮЙІ» ЕРЕЖЕСІ

СМЖ ҚЕ 5-4-2023

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Тараз 2023 ж.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>КЕ 5-4-2023</p>
		<p>СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НY 5-2023</p>

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Әзірлегендер:**
- Институттың вице-президенті М.Н. Сарыбеков
 - Студенттер үйі директоры Н.Т. Мукашев
- 2 Келісілді:**
- Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Г.Қ. Құлабекова
 - Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы К.М. Сихаева
 - Зан ғасырынан көрсеткіші Е.Е. Матжанов
 - Сапа, аккредиттеу және рейтинг» басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева
 - Кәсіподак комитетінің төраїмьы Ш.И. Алимқулова

Институт Президентінің 31.08.23 № 216 бұйрығымен бекітілді және іске қосылды.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі	ҚЕ 5-4-2023 СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» YK HY 5-2023
---	--	---

МАЗМУНЫ

№		беті
1	Жалпы ережелер.....	4
2	«Студенттер үйі» әкімшілігінің міндеттері.....	4
3	«Студенттер үйінің» тұрғындарының құқықтары мен міндеттері.....	6
4	«Студенттер үйіне» қоныстану және пайдалану ережелері.....	7
5	«Студенттер үйінен» шығару реттері.....	8
6	«Студенттер үйінде» тұру ақысы.....	8
7	«Студенттер үйін» басқаратын қоғамдық органдар.....	9
8	Алғыс білдіру және тұрғындардың жауапкершілігі.....	9
9	Келісу парагы.....	11
10	Танысу парагы.....	12
11	Тарату парагы.....	13
12	Өзгерістер енгізу парагы.....	14

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі	КЕ 5-4-2023 СМЖ «Сапаны бакылау және басқару» ҮК НУ 5-2023
--	--	---

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 III. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» туралы бұл ереже Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй катынастары жайлы» Заңының 113-бабы «Студенттік жатакхана туралы ережелердің» 16-пунктіне, сонымен қатар КР «Білім туралы» Заңы, Институт Жарғысы мен өзге де құқықтық-нормативті құжаттарға сай жасалған.

1.2 «Студенттер үйі» институтқа бөлінетін мемлекеттік бюджет қорынан, «Студенттер үйін» пайдалану ақысы және институт қызметінің пайда әкелетін бюджеттен тыс өзге қаржы көздері тараپынан қаржыландырылады.

1.3 Бұл ереже институт және студенттер, талапкерлер, сонымен қатар «Студенттер үйінен» орын алғышын, «Студенттер үйінен» шығарылатын өзге де тұлғалардың ара-катынасын реттейді. Сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың студенттер үйінде тұрган кезеңіндегі қарым-қатынастарын қарастырады.

1.4 Институттың «Студенттер үйі» мына мекен жайда орналасқан: Тараз к. Жамбыл даңғылы, 73. «Студенттер үйінің» альш жатқан жалпы аумағы – 7297,2 шаршы метр. «Студенттер үйіндегі» орындар саны – 500.

1.5 «Студенттер үйінен» орын беру мәселесімен институт әкімшілігі және «Институтқа ақылы негізде қабылданған студенттердің кейбір санаттарына әлеуметтік жәрдем көрсету туралы комиссиясы» айналысады.

1.6 «Студенттер үйінің» материалдық базасын, ғимараттың шаруашылық қызметі мен қолданысқа берілуін, «Студенттер үйінде» тұрушулыардың тұрмыстық қызметтерін үйымдастыруды дамыту және нығайту мәселелерімен Әкімшілік-шаруашылық басқармасы айналысады.

1.7 «Студенттер үйі» ісімен «Студенттер үйінің» директор және директордың орынбасары айналысады.

1.8 «Студенттер үйінде» студенттердің тұруы, өз бетімен сабактарына дайындалуы мен демалуына қажетті жағдайлар жасалған.

1.9 «Студенттер үйінде» белгіленген тәртіп пен ережелерге сәйкес өз бетімен сабакқа дайындалатын бөлмелер, музыкалық инструменттермен жабдықталған бөлмелер, тұрмыстық қызметтерді өтеуге және ас әзірлеуге арналған (тұрмыстық бөлмелер, жуынатын бөлмелер, дәретханалар, душ бөлмелері) бөлмелер қарастырылған.

1.10 Санитарлық-тұрмыстық қажеттер үшін бөлінген бөлмелер мен ондағы кондырғылар, құрал-жабдықтар «Студенттер үйін» ұстау жөніндегі санитарлық ережелерімен жаракталауды.

1.11 «Студенттер үйінде» тұратын студенттердің арасынан өз мұдделерін қорғайтын «Студенттер Кенесі» құрылған. Кенес қолдағы Ережелерге сәйкес қызмет етеді

2. «СТУДЕНТТЕР ҮЙІ» ӘКІМШІЛІГІНІҢ МІНДЕТТЕРИ

2.1 Институт әкімшілігі міндетті:

- тұрғындармен студенттік «Студенттер үйіндегі» бөлме және төсек орынды жалдау жөнінде келісім-шартқа келіп, оны орындауға;
- қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқаулар беруге;
- «Студенттер үйін» ұстауға арналған қаржыны дер кезінде бөліп тұруға;

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>КЕ 5-4-2023 СМЖ «Сапаны бакылау және басқару» ҮК НУ 5-2023</p>
--	--	---

- «Студенттер үйін» санитарлық ережелерге сай жиһаздар және құрал жабдықтармен жарактандыру. Сонымен қатар, жалпы «Студенттер үйіне» қажет заттар туралы ережелерге сай мүліктермен қамтамасыз етуге;
- «Студенттер үйінде» тұрушыларға қажетті коммуналдық-тұрмыстық қызметтер және өз бетімен сабакқа дайындалуға арналған бөлмелермен қамтамасыз етуге;
- «Студенттер үйінде» қызмет көрсетуші жұмысшыларды белгіленген тәртіп бойынша жасақтауға;
- еңбекті корғау ережелері мен санитарлық талаптарға сәйкес барлық бөлмелерді қажетті жылу және жарықпен қамтамасыз етуге;
- «Студенттер үйі» аумағында кузет қойып, рұқсатнамалық режимінің орындалуын қадағалауға;
- тұрғындардың «Студенттер үйінде» өз бетімен тазалық жұмыстар жүргізуіне қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етуге.

2.2 «Студенттер үйі» әкімшілігі міндетті:

- «Студенттер үйі» бөлмелерін белгіленген санитарлық талаптар мен ережелерге сай ұстауға;
- «Студенттер үйін» қажетті жиһаздар, қондырғылар, музикалық аспаптар және басқа да мүліктермен жабдықтауға атсалысуға;
- «Студенттер үйінде» және ондағы зат-мүліктер, музикалық аспаптарды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуе;
- «Студенттер үйі» тұрғындарына арналған коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің, өз бетімен сабакқа дайындалатын бөлмелердің, мәдени іс-шаралардың белгілі бір тәртіппен жүргізілуін ретке келтіріп, сондай-ақ оның орындалуын бакылауға;
- тұрғындар үшін өзіне қызмет көрсету, еңбек, тұрмыс пен демалыс шарттарын жақсарту мәселелерінде өзін-өзі басқаруды дамыту үшін «Студенттер үйінің» кеңесіне көмек беруге;
- «Студенттер үйінде» баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға байланысты іс-шараларды жүзеге асыруға, сонымен қатар «Студенттер үйін» ұстау жөніндегі ескертулерге құлақ асуга, тұрғындардың баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту туралы ұсыныстарын ескеруге;
- Ауруға жедел медициналық көмек көрсету, қажет болса ауруханаға жатқызу шараларын қабылдауға.

2.3 Институт әкімшілігіне тұрғын үйді ұстау және жөндеу талаптары мен ережелеріне сәйкес жүктелетін міндеттер;

- «Студенттер үйі» мен оның бөлмелерін жүйелі түрде аралап көру, сонымен қатар ондағы санитарлық-техникалық және өзге де қондырғыларды алдын-ала тексеруден өткізіп тұру;
- «Студенттер үйі» мен ондағы құрал-жабдықтарға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақтылы жасап тұру, санитарлық-техникалық және өзге де қондырғылардың үздіксіз жұмыс жасап тұруын қамтамасыз ету;
- көпшілік пайдалану орындарының қажетті деңгейде болуын қамтамасыз ету;
- «Студенттер үйін», сонымен қатар ондағы санитарлық-техникалық және өзге де қондырғыларды қысқы жылтыу мерзіміне алдын-ала дайындау.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>ҚЕ 5-4-2023</p>
		<p>СМЖ «Сапаны бакылау және басқару» ҮК НУ 5-2023</p>

3. «СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

3.1 «Студенттер үйінде» тұрушылардың құқығы бар:

- «Студенттер үйіндегі» бөлме мен төсек орынды жалдау жөніндегі келісім-шарттың мерзімі біткенше белгілі бір бөлмеде тұруға;
- институт әкімшілігіне «Студенттер үйінде» бөлмені жалға алу жөнінде келісім-шартқа өзгертулер енгізу туралы ұсыныс жасауға;
- институт алдындағы барлық шығындарды өтеген жағдайда «Студенттер үйіндегі» бөлмені жалға алу жөніндегі келісімнен өз еркімен бас тартуға;
- институт әкімшілігінің келісімімен «Студенттер үйінің» басқа бөлмесіне қоныстануға;
- оқуға және мәдени-тұрмыстық қажетке арналған бөлмелерді пайдалануға, «Студенттер үйіндегі» музыкалық аспаптар мен құрал-жабдықтарды қолдануға;
- «Студенттер үйі» кеңесіне сайлад, өзінің де сайлануына;
- тұрғындардың тұрмыстық-баспаналық жағдайларын көтеру, тәрбие істері мен демалысты ұйымдастыру, жатын бөлмелер мен сабакқа дайындалатын бөлмелерді жабдықтау және безендіру мәселелерін «Студенттер үйінің» кеңесімен бірлесіп шешуге;
- «Студенттер үйі» әкімшілігімен алдын-ала келісіп ата-аналарын шақыру. Ата-аналары мен олардың занды өкілдерінің аз уақыт аралығында «Студенттер үйінің ата-аналар бөлмесінде» балаларымен кездесуіне;
- Институт әкімшілігінің зандық құжаттарымен таныс болуға;
- Институт әкімшілігіне «Студенттер үйінің» қызметкерлерінің үстінен шағым беруге.

3.2 «Студенттер үйінде» тұрушылар міндетті:

- бөлме/төсек-орынды жалдау туралы институт әкімшілігімен жасаған келісім-шартты, колдағы Ережені, «Студенттер үйінің» ішкі тәртіп Ережелерін орындауға;
- тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолдануға;
- тұратын бөлмеге, музыкалық аспапқа, «Студенттер үйінің» санитарлық-техникалық және басқа да дүние-мұлкіне ұқыпты қарауға;
- қауіпсіздік техникасын, санитарлық-гигиеналық тәртіпті, жатын бөлмелерді пайдалану, орт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық және өзге де құрал-жабдықтарды пайдалану ережелерін орындауға;
- бөлмелер мен көпшілік пайдалану орындарында тазалық сақтауға;
- тұрғын бөлмелерде күн сайын тазалық шараларын жасауға;
- тұрғын бөлмелердегі бір заттың бұзылғандығын байқаған кезде бірден оны жөндеу шараларына кірісу, комендант немесе құтқару қызметіне хабарлауға;
- КР заңнамалары мен институт «Студенттер үйінде» бөлме/төсек-орынды жалдауға байланысты жасаған келісім-шартқа сәйкес, институтқа келтірген материалдық шығынды өтеуеге;
- бөлмедегі санитарлық техникалық немесе өзге де құралдарды сындырып алса, оларды өз қалтасынан жөндетеді. «Студенттер үйі» комendantының рұқсатымен тұрғын, санитарлық-техникалық және құралдарды сапасы жақсысына өзгертуге, бөлмеге косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- баспалдақтар мен қофамдық жалпы орындарда тазалық пен тәртіп сақтауға;
- су, электр жарығы мен жылуды үнемдеп қолдануға;
- баспаналық төлем ақыны, тұрғындардың қалауы бойынша ұсынылатын өзге де қызметтер мен коммуналдық қызметтер үшін ақыны уақытын төлеп тұруға;

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халыкаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>КЕ 5-4-2023</p>
		<p>СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НУ 5-2023</p>

- «Студенттер үйінің» рұқсатнамалық тәртібін орындауға, бөлмесінің қосымша кілтін «Студенттер үйінің» әкімшілік өкіліне тапсыруға;
- «Студенттер үйі» әкімшілігінің (комендант) талаптарын орындауға;
- «Студенттер үйінен» біржолата шыққанда өзінің атына жазылған барлық құрал-жабдықтарды тапсыруға.

4. «СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ» ҚОНЫСТАНУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 4.1 Студенттер «Студенттер үйіне» құжаттарды тікелей немесе он-лайн тапсыра алады.
- 4.2 «Студенттер үйіне» қоныстану үшін бөлме/төсек-орынды жалдау туралы келісім-шарт жасалып, онда бөлменің номірі, «Студенттер үйінде» қалу мерзімі мен ақы көлемі көрсетіледі. Бөлме/төсек-орынды жалдау туралы келісім-шартқа отыру үшін ректордың атына «Студенттер үйінен» орын алу туралы арыз, жеке куәлік, денсаулығы туралы анықтаманы ұсыну қажет.
- 4.3 Бөлмелерге қоныстандыру «Студенттер үйінен орын бөлу жөніндегі комиссия» және комиссия төрағасының шешімі бойынша жүргізіледі.
- 4.4 «Студенттер үйіндегі» орындар алғашқы кезекте жетім балалар, мүгедектер мен Қазақстан Республикасының заңнамаларында анықталған өзге де женілдіктерге ие тұлғаларға беріледі.
- 4.5 Сонымен қатар «Студенттер үйінен» алғашқы кезекте орын алу құқығына ие азаматтардың қатарында жоғары балы бар (қабылдау емтихандары мен емтихандық сессия қорытындысы бойынша) студенттер де кіреді. Окудагы үлгерімі бірдей студенттердің арасында мамандығы бойынша жоғары бағаға ие болғаны алдыңғы кезекке шығады.
- 4.6 «Студенттер үйінде» тұрушулыарды тіркеу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ішкі істер органдары белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі. Тіркеуге Студенттер үйінің директоры жауапты. «Студенттер үйіне» қоныстанған студент үш күннен асырмай тіркеуден өтуі қажет.
- 4.7 Қабылдау емтихандары кезінде талапкерлер «Студенттер үйіне» институт белгілеген шарттар негізінде ақысын төлеп тұра алады.
- 4.8 Академиялық демалыстан шыққан білім алушыны «Студенттер үйіне» қоныстандыруды «Студенттер үйінен орын бөлу жөніндегі комиссия» шешеді. Бұл ретте Комиссия студенттің академиялық демалысқа шығу себебін, демалысқа шыққанға дейінгі оку үлгерімін назарға алады.
- 4.10 «Студенттер үйінде» тұрушулыарға типтік нормаларға сай құрал- жабдықтар қолданысқа беріледі.
- 4.11 «Студенттер үйінде» тұрушулыар қауіпсіздік техникасының жайттарымен, электр-тұрмыстық құралдарды қолдану туралы нұсқаулармен, қолдағы Ережелер және «Студенттер үйінің» ішкі тәртіпперімен танысулары қажет.
- 4.12 Бөлмеге қоныстанғанда студент бөлме кілтінің бір данасын апта аралығында «Студенттер үйі» әкімшілігінің өкіліне тапсыруы қажет.
- 4.13 Апартқа байланысты бөлмеде жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары аяқталғанша, институт әкімшілігі студентті санитарлық, техникалық талаптарға сай келетін өзге бір бөлмеге көшіруге міндетті.
- 4.14 Егер бөлмеде одан әрі тұруына кедергі келтіретін себептері орынды деп табылса, институт әкімшілігі студентті басқа бөлмеге ауыстыру туралы шешім шығаруы мүмкін.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>ҚЕ 5-4-2023</p>
		<p>СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НY 5-2023</p>

5. «СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕН» ШЫҒАРУ РЕТТЕРИ

5.1 Білім алушы институттан окудан шығып қалғанда, «Студенттер үйінен» де шығарылады.

5.2 «Студенттер үйінен» шығарылу студенттің өз еркімен, әкімшіліктің бастамасымен ректорды хабардар ету барысында немесе оқу аяқталғанда жүзеге асырылады.

5.3 «Студенттер үйінен» шығарылу студенттің Институт ректорының атына жазған жеке арызының негізінде жүзеге асырылады.

5.4 Институт әкімшілігінің бастамасымен төмендегі жағдайда еркінен тыс «Студенттер үйінен» шығарылады:

- оқу орнынан шығып қалғанда.

- институттың «Студенттер үйінің» ішкі тәртіп Ережелерін, колдағы Ережені, белме/төсек-орынды жалға алу туралы келісім-шартты бұзғаны үшін.

- «Студенттер үйінде» әкімшілік қызметкерлерін тыңдамағанда, сонымен қатар тәртіпсіздікке жол бергенде.

- КР заңнамасындағы белгіленген басқа да себептер бойынша.

5.5 «Студенттер үйінен» шығару (шығарылатын адамға қатысты себептер көрсетіледі) институт ректоры бүйрекі негізінде жүзеге асырылады.

5.6 «Студенттер үйінде» тұрушу шығарылу туралы бүйрекқа қол қойғаннан кейін үш күн аралығында:

- қолхатпен алған «Студенттер үйінің» мүлкін тапсыруы керек;

- шығарылу кезінде тұрғын үй ақысы төлемін өтеуі керек;

- бөлмені үш күн аралығында жеке заттарынан босатып беру. «Студенттер үйінде» тұрушу бөлмені басшылыққа таза, ал мүліктерін сынбаган бүтін күйінде өткізуі тиіс;

- рұқсат қағаз бен бөлменің кілтін «Студенттер үйі» басшылығына өткізу;

- тіркеуден шығу керек.

5.7 Институттан шығарылғанда (оны бітірген кезде) «Студенттер үйінде» тұрушу бөлмені жалға алу келісім-шартына сәйкес үш күнде босатып шығу керек.

5.8 «Студенттер үйінен» шығарылғанда студенттерге Институт әкімшілігі бітіру қағазын тапсырады. Директордың қолын койдырған қағазды білім алушы оқу бөліміне өткізуі тиіс.

6. «СТУДЕНТТЕР ҮЙІНДЕ» ТҰРУ АҚЫСЫ

6.1 «Студенттер үйінде» тұру ақысы Институт ұсынған қызметтерінің негізінде анықталады.

6.2 «Студенттер үйін» пайдаланғаны үшін төленетін акы тұрғындардан бөлме/төсек-орынды жалдау туралы келісім-шартқа сәйкес алынады.

6.3 Институт әкімшілігі тұрғындарға олардың келісімімен қосымша (акылы) қызметтер көрсетуге күкі бар. Қосымша қызметтердің акы колемі мен көрсету реттері Институттың «Студенттер үйінде» тұрушыларға қосымша қызмет көрсету туралы арнайы келісім шартына сәйкес анықталады.

6.4 «Студенттер үйін» пайдаланғаны үшін төленетін акы ХТИИ-дың есеп-шотына аударылады.

6.5 Қабылдау емтихандары кезінде «Студенттер үйінде» тұрған талапкерлер ақыларын КР заңнамасына сүйене отырып ХТИИ-дың шарттарына сәйкес отейді.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>КЕ 5-4-2023</p> <p>СМЖ «Сапаны бакылау және басқару» ҮК НУ 5-2023</p>
--	--	--

7. «СТУДЕНТТЕР ҮЙІН» БАСҚАРАТЫН ҚОҒАМДЫҚ ОРГАНДАР

7.1 «Студенттер үйі» кеңесі КР заннамасы, қолдағы Ереже және өзге де заң құжаттарымен жетекшілік етеді.

7.2 «Студенттер үйі» кеңесінің өкілдері ХТИИ студенттерінің өкілеттік органдарының құрамына кіреді.

7.3 «Студенттер үйі» кеңесі «Студенттер үйінің» жалпы жиналышы мен қабаттар старосталарының жиналышында сайланған адамдардан тұрады.

7.4 «Студенттер үйі» Кеңесі:

- қабаттар мен бөлмелердегі старосталардың қызметтерін реттейді;
- «Студенттер үйіндегі» өз-өзіне қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастырады;
- тұрғындарды «Студенттер үйі» мен оның төңірегінде қоғамдық пайдалы жұмыстарды (бөлмелерде тазалау мен жөндеу жұмыстарын жүргізу, жиһаздарды жөндеу) атқаруға өз еріктерімен қатысуға жұмылдырылады;

- тұрғындарды «Студенттер үйіндегі» қоғамдық пайдалы жұмыстарды (бөлмелерде тазалау және жөндеу жұмыстарын жасау) өз еріктерімен атқаруға тартады;
- «Студенттер үйі» әкімшілігіне тұрғындарға берілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауға көмектеседі;
- тұрғындардың мүддесін коргайды;
- мәдени іс-шараларды ұйымдастырады.

7.5 «Студенттер үйі» кеңесі «Студенттер үйі» әкімшілігімен бірлесіп тұрғындардың бөлмелерді, ондағы жиһаздарды қабылдап алу шараларын өз құзыretі аясында ұйымдастырады. Бұл «Студенттер үйіндегі» бөлмені жалдау туралы келісімнің қолданыс мерзіміне қатысты болады.

7.6 «Студенттер үйі» кеңесімен төмендегідей мәселелер міндетті тұрде келісілуі керек:

- тұрғындарды әкімшілік бастамасымен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстырғанда;
- тұрғындарға қолданатын алғыс білдіру және жауапқа тарту шаралары;
- «Студенттер үйіндегі» сабактан тыс шаралар жоспары;
- Сонымен қатар, ХТИИ заң құжатында тікелей көрсетілген өзге де мәселелер.

Институт әкімшілігі «Студенттер үйі» кеңесінің мүшелерін жемісті еңбегі үшін материалдық және моральдық жақтан қолдау үшін шаралар қолданады.

7.7 «Студенттер үйінің» әр тұрғын жайында (бөлмеде, қабатта) староста сайланады. Қабат старостасы бір қабат тұрғындарының жалпы жиналышында сайланады. Тұрғын жай старосталары қызметтерін атқарғанда институттың заңдық құжаттарын, студенттік «Студенттер үйінің» ішкі тәртіп ережелерін, қолдағы ережелерді, сонымен қатар «Студенттер үйі» кеңесі мен институт әкімшілігінің шешімдерімен жетекшілік етеді.

7.8 Қабат старостасы:

- тұрғындардың бөлмедегі (қабаттағы) мұліктерге ұқыпты қарауын қадағалайды;
- бөлменің (қабат) таза және жиналыш тұрғанын қадағалайды.

8. АЛҒЫС БІЛДІРУ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1 «Студенттер үйінің» тұрмыс-тіршілігінде белсенділік таныттып, әлеуметтік маңызды бастамаларды өткізуге атсалысқан тұрғындарға:

- алғыс жарияланады;
- мактау қағазымен марапатталады;

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>ҚЕ 5-4-2023</p> <p>СМЖ «Сапаны бакылау және басқару» ҮК НУ 5-2023</p>
---	--	--

- құнды сыйлықпен марапатталады және т.б.
- 8.2 «Студенттер үйі» мүлкіне нұқсан келтірген тұрғындар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес муліктік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
- 8.3 Осы Ережені, «Студенттер үйінің» ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін тұрғындарға төмедегідей жаза тұрларі қолданылады:
- ескертү;
 - сөгіс;
 - қатаң сөгіс;
 - «Студенттер үйінен» шығару.
- 8.4 Ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін тұрғын үш күн аралығында жазбаша түсініктеме беруі керек. Одан бас тартқан жағдайда бұл туралы «Студенттер үйі» кеңесінің екі өкілінің көзінше белгі жасалуы керек және факультет декандарына хабарлау жақет.
- 8.5 Жауапқа тарту студенттік «Студенттер үйінің» ішкі тәртіп ережесін, қолдағы Ережелер мен бөлме/төсек-орынды жалға алу туралы келісім-шартты бұзғаннан кейін 30 күн аралығында жүзеге асырылады.
- 8.6 Тұрғынға тәртіптік жауапкершілік шарапары қолданатыны туралы институт ректорының нұсқауы жарияланып, ол үш күннен соң жүзеге асырылады. Тұрғынның бүйрыққа қол қоюдан бас тартқан жағдайында «Студенттер үйі» кеңесінің екі мүшесі растайтын белгі жасалады.
- Студенттің «Студенттер үйінен» шығарылғандығы туралы факультет декандарына ескертіледі.
- 8.7 Егер б қүн аралығында тұрғын тәртіптік жауапкершілікке қайтадан тартылмаса, ол жауапкершілікке тартылған болып саналмайды.
- 8.8 Тұрғындар «Студенттер үйінен» төмендегідей жағдайларда шығарылуы мүмкін:
- қолдағы Ережеде, «Студенттер үйінің» ішкі тәртіп ережелерінде және бөлме/төсек-орынды жалға алу туралы келісім-шартта қарастырылған міндеттерді бір мәрте немесе жүйелі турде орындағаны үшін;
 - тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолданбаса;
 - тұрғын жайды тұрғындар немесе басқа азаматтар қиратса немесе зиян келтірсе;
 - өзін дөрекі ұстап, айналасындағыларға зиян келтірсе;
 - көрші тұрғындардың құқы мен мұдделеріне үнемі зиянын келтіріп, олардың бір бөлмеде тұруын мүмкін емес қылған жағдайда;
 - тыйым салынған ішімдік ішүі немесе есірткі заттардың әсерінде келуі;
 - тұрғындардың «Студенттер үйінде» бір ай немесе одан да көп мерзімде орынсыз себептермен тұрмаяу;
 - тұрғындардың мекен-жай бойынша тіркелмеуі;
 - есірткі заттарды сактау, тарату;
 - тұрғындардың жарылғыш, химиялық қауіпті заттар немесе оқ дәрі қаруларын сактауы,
 - Институттан шығарылуы;
 - ҚР заңнамасында көрсетілген өзге де жағдайларда.
- 8.9 Жауапқа тарту ХТИИ ректоры бүйрығынан кейін жүзеге асырылады.

Студенттер үйі директоры



Н.Т. Мукашев











	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>КЕ 5-4-2023</p>
		<p>СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» YK HY 5-2023</p>

9. КЕЛІСУ ПАРАФЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор	Г.К. Құлабекова		28. 08.2023 ж.
Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы	Қ.М. Сихаева		28. 08.2023 ж.
Заң басқармасының бастығы	Е.Е. Матжанов		28. 08.2023 ж.
Сапа, аккредиттеу және рейтинг» басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		28. 08.2023 ж.
Кәсіподақ комитетінің төраійымы	Ш.И. Алимкулова		28. 08.2023 ж.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Студенттер үйі» ережесі</p>	<p>КЕ 5-4-2023</p>
		<p>СМЖ «Сапаны бакылау және басқару» ҮК НУ 5-2023</p>

10. ТАНЫСУ ПАРАГЫ

Р/Н	Аты-жөні, тегі (кызметі)	Күні	Қолы
1	2	3	4
1	«Студенттер үйі» директоры – Мукашев Н.Т.	04.09.2023 ж.	
2	«Студенттер үйі» үйлестіруші – Булдыбаева Ж.Е.	04.09.2023 ж.	
3	«Студенттер үйі» кастеляншасы – Кудайбергенова Л.С.	04.09.2023 ж.	
4	«Студенттер үйі» менеджер-тәрбиеші – Асылбекова А.	04.09.2023 ж.	
5	«Студенттер үйі» менеджер-тәрбиеші – Абишева Г.	04.09.2023 ж.	
6	«Студенттер үйі» жұмысшысы – Примкулова А.	04.09.2023 ж.	
7	«Студенттер үйі» жұмысшысы – Куванканова Х.	04.09.2023 ж.	
8	«Студенттер үйі» еден тазалаушы – Молдабаева Б.	04.09.2023 ж.	
9	«Студенттер үйі» еден тазалаушы – Сатыбалдиева Ш.	04.09.2023 ж.	
10	«Студенттер үйі» еден тазалаушы – Қайырбекова Г.	04.09.2023 ж.	
11	«Студенттер үйі» еден тазалаушы – Бекмұхамедова Э.	04.09.2023 ж.	
12	«Студенттер үйі» ағаш шебері – Есмагамбетов М.	04.09.2023 ж.	
13	«Студенттер үйі» сантехникі – Кенжегулов А.	04.09.2023 ж.	
14	«Студенттер үйі» бағбанышы – Баккелдиев З.	04.09.2023 ж.	
15	«Студенттер үйі» аула тазалаушы – Рахметов Ж.	04.09.2023 ж.	
16	«Студенттер үйі» аула тазалаушы – Калабаев М.	04.09.2023 ж.	



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық институты
«Студенттер үйі» ережесі

KE 5-4-2023

СМЖ «Сапаны бакылау
және басқару»
YK HY 5-2023

11. ТАРАТУ ПАРАҒЫ



Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық институты
«Студенттер үйі» ережесі

KE 5-4-2023

СМЖ «Сапаны бакылау
және басқару»
ҮК НУ 5-2023

12. ӨЗГЕРІСТЕР ЕҢГІЗУ ПАРАФЫ